

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық
университеті



Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ
БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

ИНСТИТУТ ФИЛОЛОГИИ И
ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

050100, Алматы қаласы, Достық, 13
Телефон: 8(727)2911835

050100, город Алматы, Достық, 13
Телефон: 8(727)2911835

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты
Бисенғали Ақмарал Зинол-ғабденқызының
«Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың
лингво-когнитивтік даму жүйесі (газет лексикасы (1995-2015 жж.) негізінде)»
атты бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алуға арналған докторлық диссертациясына

ПІКІР

Тіл - кеңею, тарылу, жаңару, ескіру үдерісінде болатын динамикалық құбылыс. Тілдегі жаңа атауларды қолданысқа түсіретін, көне ескіліктерді қайта жаңғыртатын құралдардың бірі - медиамәтін, бұқаралық ақпарат құралдар тілі. Рухани жаңғыру арқылы әлемдік озық үлгілерімен ілгері дамып келе жатқан Қазақстанның қазіргі мемлекеттік тілінде қандай жаңару бар, қандай нәтижелі өзгеріс бар деген мәселені анықтау арқылы ұлттық тілдің мәртебелі дәрежесін көруге болады. Әрине, қазақ тілі қазіргі таңда екі ұдайы үдерісті басынан кешіріп отыр: ұмытылған көне атаулардың қайта жаңғыруы және шеттілдік кірме сөздердің ағылып енуі. Бұл екі үдерістің жетістігі - қазақ тілінің сөздік құрамы кеңейе түсті, кемшілігі - шет тілден енген жаңа атаулардың басымдығы және қазақ тілінің айтылым заңдылығы бойынша емес, түпнұсқа тілінде қолданысқа енуі.

Қазақ тіліндегі осындай мәселелерді дамыған мемлекеттердің тіліндегі құбылыстармен салыстыра зерттеп, мемлекеттік тілдің қолданысын арттыруға негізделген тәжірибелерге ғылыми талдау жүргізу мүддесінде аталмыш диссертациялық тақырып ұсынылған болатын. Диссертант мақсатына жетті. Қазіргі заманғы қазақ және түрік тілі лексикасының

жаңару үдерісінде тіл мен қоғамның әлеуметтік-мәдени өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ететін неологизмдер қызметінің когнитивтік ғылым арқылы анықтады. Зерттеу нәтижесінде алғаш рет белгілі бір кезеңдегі (1995-2015 жж.) қазақ және түрік баспасөзінен жинақталған жаңа қолданыстар негізінде олардың күнделікті лексикаға орнығып-орнықтауына тікелей ықпал еткен лингвокогнитивтік факторлар өзара салыстырылды. талданды. Қазақ-түрік лексикасындағы «жаңару» үдерісінің тілдік көрінісі қазақ және түрік тілдеріндегі лексикографиялық еңбектердің нақты тілдік дәйектері салыстырмалы түрде анықталды. Газет мәтіні кеңістігіндегі «жаңа қолданыстардың» мемлекеттік тіл аясындағы танымдық-ақпараттық қызметі талданды. Жаңа атаулардың қалыптасуы мен санадағы «жаңару» үдерісі қазақ және түрік тілдеріндегі газет мәтіндерін дискурстық талдау арқылы түсіндірілді. Жұмыстың мазмұнына сәйкес бірінші тарауда қазіргі қазақ-түрік лексикасының дамуының неологиялық бейнесі, қазақ лексикасындағы жаңару үдерісінің тарихи-әлеуметтік сипаты, түрік лексикасының қалыптасу кезеңдерінің тарихи-саяси сипаты, Түркиядағы қазіргі тілдік жағдаят, қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстарды неологиялық және неографиялық зерттелуі қарастырылды. Екінші тарауда қазақ-түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың лингвокогнитивтік негіздері анықталды. Оның аясында тілдегі жаңару үдерісінің когнитивтік негіздері, жаңа атаулардың ономазиологиялық сипаты, жаһандану заманындағы қазақ-түрік әлемі тілдік бейнесінің антропоэлекттік сипаты қарастырылды. Үшінші тарау бойынша қазақ-түрік медиа бейнесіндегі жаңа атаулардың коммуникативті-прагматикалық сипаты айқындалды. Зерттеу барысында танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстардың қазақ және түрік баспасөздеріндегі көріністері, ғаламның медиа бейнесіндегі жаңа қолданыстардың прагматикалық аспектісі мен кумулятивтік қызметі, газет мәтініндегі жаңа қолданыстардың мазмұнында сақталған ұлттық кодты ашу тетігі ұсынылды.

Мысалы, түрік тілі халықаралық терминдік атауларды да төл тіліне аударып, ұлттық тілінің сөздік қорын дамытуға бағытталғаны анықталды. Мысалы, әлемдік қолданыстағы компьютер сөзін *білгесаяр* деп аударуының өзі мемлекеттік тілдің қолданыс жүйесін, ұлттық тілдің лексикографиялық қорын төл тілінде жетілдіру жетістігіндегі нәтижелі қадам екенін көрсетті.

Зерттеуші осы бағытта жан-жақты ізденді. Тың материалдарды, жаңа атаулардың тілдік қолданысқа енуіндегі өзгермелі құбылысын зерттеді. Тілдің өміршең құбылысындағы кемшіліктері мен жетістіктерін анықтады. Адамзаттың танымы мен тілдік қолданысы арасындағы екіжақты қатынастың когнитивтік жүйесін айқындады. Қазақ және түрік БАҚ тілінде прагматикалық мүддеге жету үшін, оқырманға манипуляциялық әсер ету үшін окказионалдық қолданыстар мен перифразалардың жиі жұмсалуды, перамазиологиялық ұғымдардың өзгертіліп берілуі тетігі медиалингвистика заңдылығындағы медиамәтіннің даму жүйесінде болатын заңды құбылыстарға сәйкес келеді. Демек, қазақ баспасөзі мен дамыған түріктің

БАҚ тілі әлемдік даму ағымына ілесіп келе жатқанын аңғарамыз. Зерттеу барысында диссертант түркітілдес халықтардың (қазақ және түрік) ойлау үдерісіндегі ұқсастықтары, сөйлеу, сөз саптау жүйесіндегі ұқсастықтары, тілдік этика, ұлттық әдеп, мәдениаралық қарым-қатынас, тіларалық мәдениеттің сақталуындағы ұқсастықтары айқындалды. Мәдениеті, салт-дәстүрі, менталитеті ұқсас халықтардың сөйлеу тіліндегі дискурс жүйесі де ұқсас болатыны нақты дәйектелді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны ғылыми еңбек жазу талаптарына толық сәйкес келеді. Ғылыми жұмыстың жаңалықтары мен ғылыми тұжырымдары жаңа әрі өзекті. Сондықтан Бисенғали Ақмарал Зиноп-ғабденқызының «Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың лингво-когнитивтік даму жүйесі (газет лексикасы (1995-2015 жж.) негізінде)» атты диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін



Ғылыми жетекші



Ф.ғ.д., профессор
Қ.Ө.Есенова